

**"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығында жүргізілетін сараптамалар түрлерінің, біліктілігін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі беретін сараптамалық мамандықтардың тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 14 маусымдағы N 44 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2006 жылғы 30 қаңтардағы N 30 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 23 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 4100. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 209 Бұйрығымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010.07.20 № 209 Бұйрығымен.**

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына және "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің "Сот сараптамасы орталығында жүргізілетін сараптама түрлерінің тізбесін бекіту туралы" 1999 жылғы 14 маусымдағы N 44 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2001 жылғы 22 маусымдағы N 80 және 2004 жылғы 26 наурыздағы N 75 бұйрықтарымен енгізілген толықтырулармен және өзгерістермен N 861 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығында жүргізілетін сараптамалар түрлерінің, біліктілігін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі беретін сараптамалық мамандықтардың тізбелерінде:

реттік нөмірі 17-жолда:

"сараптамалық мамандық" деген 3-бағандағы "сот-сараптамалық психиатриялық зерттеу" деген сөздер алынып тасталсын;  
"мамандық шифрі" деген 4-бағандағы "17.1" деген сандар алынып тасталсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК